

«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу және анықтау саясаты	2025
	Басылым: 1

«Қазақстанның инвестициялық қоры»
АҚ Директорлар кеңесі отырысының
2025 жылғы 13 маусымдағы
хаттамасымен бекітілген

**«Қазақстанның инвестициялық қоры» акционерлік
қоғамының лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің
мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі саясат**

2025 жыл

«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу және анықтау саясаты	2025
	Басылым: 1

МАЗМҰНЫ

1-бөлім. Жалпы ережелер.....	3-бет
2-бөлім. Қолдану саласы.....	3-бет
3-бөлім. Терминдер мен анықтамалар.....	4-бет
4-бөлім. Мүдделер қақтығысын басқарудың негізгі қағидаттары.....	4-бет
5-бөлім. Мүдделер қақтығысының жағдайлары.....	6-бет
6-бөлім. Мүдделер қақтығысын ашу (декларациялау) тәртібі.....	6-7-бет
7-бөлім. Мүдделер қақтығысының алдын алу.....	7-8-бет
8-бөлім. Лауазымды адамдар мен қызметкерлердің мүдделер қақтығысының туындауын болдырмау жөніндегі міндеттері.....	8-бет
9-бөлім. Мүдделер қақтығысын қарау және реттеу тәртібі.....	8-9-бет
10-бөлім. Мүдделер қақтығысын шешудің ықтимал шаралары.....	9-10-бет
11-бөлім. Жауапкершілік.....	10-бет
12-бөлім. Қорытынды ережелер.....	10-бет
№1 қосымша	11-бет
№2 қосымша.....	12-бет

«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу және анықтау саясаты	2025
	Басылым: 1

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Осы «Қазақстанның инвестициялық қоры» акционерлік қоғамының лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің мүдделерінің қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі саясат (бұдан әрі – Саясат) Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі (Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет) төрағасының 2023 жылғы 31 наурыздағы № 112 бұйрығымен бекітілген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ережеге сәйкес әзірленді.

2. Бұл Саясат мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында әзірленді және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі тетіктерінің бірі болып табылады. Мүдделер қақтығысына байланысты елеулі бұзушылықтар «Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ-ның (бұдан әрі – Қор) іскерлік беделіне нұқсан келтіруі және оған барлық мүдделі тараптардың сеніміне нұқсан келтіруі мүмкін. Қордың лауазымды адамының немесе қызметкерінің жеке мүдделері олардың өздерінің лауазымдық және функционалдық міндеттерін орындауына бейтараптық, адалдық және Қордың мүдделерін қорғау қағидаттары негізінде ықпал етпеуі тиіс.

3. Осы Саясат мүдделер қақтығысының жағдайларын, олардың алдын алу және реттеу жөніндегі шараларды, сондай-ақ мүдделер қақтығысын басқару процесіне барлық қатысушылардың жауапкершілігін айқындайды.

4. Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау шеңберінен тыс заңды жеке мүдделері болуы мүмкін, бірақ Қордағы осындай жеке мүдделер мен лауазымдық міндеттер арасындағы кез келген мүдделер қақтығысы осы Саясатқа сәйкес ашылуы және реттелуі тиіс.

5. Бизнес-серіктестермен, контрагенттермен және үшінші тұлғалармен қарым-қатынаста Қор тараптар бір-біріне қатысты барынша адал, әділетті, әділ және риясыз әрекет етуге, сондай-ақ мүдделер қақтығысының алдын алу, анықтау және болдырмау жөнінде жан-жақты шаралар қолдануға міндетті болатын сенімді қатынастарды орнатуға және сақтауға сенеді.

2. Қолдану саласы

6. Осы Саясат Қордың барлық лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің танысуы және мүлтіксіз сақтауы үшін міндетті болып табылады.

7. Осы Саясат Қордың веб-сайтында орналастырылуы тиіс: <https://www.ifk.kz>.

3. Терминдер мен анықтамалар

8. Бұл Саясатта келесі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) мүдделер қақтығысы – лауазымды адамдар мен қызметкерлердің жеке мүдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы осы адамдардың жеке мүдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындамауына және (немесе) тиісінше орындамауына әкеп соғуы мүмкін қайшылық;

2) жеке мүдделер – жеке мүліктік пайда немесе Қордың ішкі құжаттарында белгіленген жалақыны және басқа да төлемдерді алумен байланысты емес қордан жеке пайда алуға мүдделілік;

3) ұйымдастыру-өкімдік функциялар – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қызмет бойынша бағынысты адамдардың орындауы үшін міндетті бұйрықтар мен өкімдер шығаруға, сондай-ақ бағыныстыларға қатысты көтермелеу шаралары мен тәртіптік жазаларды қолдануға берілген құқық;

4) Қордың қызметкері – Қормен еңбек қатынастарында тұратын жеке тұлға.

9. Осы Саясатта қолданылатын, бірақ айқындалмаған терминдер олар Қазақстан Республикасының заңнамасында және Қордың ішкі құжаттарында қолданылатын мағынада пайдаланылады.

4. Мүдделер қақтығысын басқарудың негізгі қағидаттары

10. Қор мүдделер қақтығысын басқаруды мынадай негізгі қағидаттар негізінде жүзеге асырады:

1) заңдылық қағидаты – осы Саясаттың Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың ішкі құжаттарына сәйкестігі;

2) Қордың мүдделерін қорғау қағидаты – Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлері жеке қалауына қарай емес, тек Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қордың ішкі құжаттарына сүйене отырып шешім қабылдауға міндетті;

3) ашықтық пен есептілікті қамтамасыз ету қағидаты – жеке мүдделерді ашық декларациялау және белгіленген рәсімдер шеңберінде лауазымдық міндеттерді орындау, бұл мүдделер қақтығысының алдын алуға немесе реттеуге ықпал етеді;

4) объективтілік және жеке қарау қағидаты – мүдделер қақтығысының әрбір жағдайы Қор үшін ықтимал тәуекелдерді бағалай отырып, жеке тәртіппен қаралады және уақтылы реттелуге жатады.

Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлері мүдделер қақтығысының нақты жағдайын бұрмалайтын субъективтілікті, оның ішінде жеке және басқа мүдделердің кез келген әсерін, сондай-ақ мүдделер қақтығысын зерттеу процесі мен нәтижелеріне әр түрлі факторларды азайтуға тырысуы керек;

5) құпиялылық қағидаты – құпиялылықты қатаң сақтау: мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу процесінен және мүдделер қақтығысын одан әрі реттеу процесінен бастап, қарастырылып отырған жағдай бойынша қорытынды шығару және түпкілікті шешім қабылдау кезеңіне дейін;

6) қатысу қағидаты – Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың ережелері туралы хабардар ету және олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар мен рәсімдерді қалыптастыруға және іске асыруға, оның ішінде мүдделер қақтығысының алдын алу, анықтау және реттеу саласында белсенді қатысуы;

7) төзімсіздік және ішкі мәдениет қағидаты – Қор өз қызметінде мүдделер қақтығысының туындауына төзбеушіліктің мәдениетін және жоғары дәрежесін қалыптастырады. Қор оның лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің ықтимал мүдделер қақтығысын ашуын құптайды және осы Саясаттың ережелерін түсінуге бағытталған ашық қарым-қатынастың ішкі мәдениетін дамытады;

8) жеке үлгі қағидаты – Қордың лауазымды адамдары өз іс-әрекеттерімен парасаттылық пен этикалық мінез-құлықтың жеке үлгісі ретінде қызмет етеді, кәсіпқойлыққа бейілділігін көрсетеді және осы саясаттың талаптарын мүлтіксіз орындайды;

9) жеке жауапкершілік және жазаның бұлтартпастығы қағидаты – мүдделер қақтығысы фактісіне жол берген лауазымды адамның немесе қызметкердің тікелей басшысы мүдделер қақтығысын уақтылы анықтамағаны және аспағаны, сондай-ақ тиісінше реттемегені үшін дербес жауапты болады. Қордың барлық лауазымды адамдары мен қызметкерлері Қордың жеке мүддесі мен мүдделері арасындағы теңгерімнің сақталуына дербес жауапты болады, сондай-ақ лауазымдық міндеттерін атқару кезінде өздерінің жеке мүдделерін декларациялауға және сәйкестендіруге жауапкершілік алуы тиіс.

5. Мүдделер қақтығысының жағдайлары

11. Осы Саясаттың мақсаттары үшін мүдделер қақтығысына әкелуі мүмкін жағдайларға мынадай жағдайлар жатады:

1) Қордың лауазымды адамы немесе қызметкері өздерінің жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) атқаратын лауазымдарға тікелей бағынысты лауазымдарды атқарады;

2) Қордың лауазымды адамы, қызметкері немесе олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) Қормен байланысты мәмілелерге немесе жобаларға кез келген коммерциялық немесе өзге де мүдделілікке (тікелей немесе жанама) ие немесе ие болуы мүмкін;

3) Қордың лауазымды адамы, қызметкері немесе олардың жақын туыстары, жұбайы (зайыбы) Қорға байланысты жобада немесе мәміледе тарап

болып табылатын ұйымның үлестес тұлғасы болып табылады;

4) Қордың лауазымды адамы немесе қызметкері өзінің лауазымдық міндеттерін жеке пайда алу мақсатында пайдалануға мүмкіндік беретін атқарушы және бақылау функцияларын біріктіреді.

12. Осы Саясаттың 11-тармағында көзделген мүдделер қақтығысы жағдайлары толық болып табылмайды. Мүдделер қақтығысының болуын анықтау үшін Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлері осы Саясаттың 8-тармағында келтірілген мүдделер қақтығысы терминін басшылыққа алады.

13. Егер Қордың лауазымды адамында немесе қызметкерінде мүдделер қақтығысының болуына күмән туындаса, ол Қордың комплаенс-бақылаушысымен кеңесіп, туындаған мәселені шешу үшін өзінің тікелей басшысына қажетті толық ақпаратты ұсынуы қажет.

6. Мүдделер қақтығысын ашу (декларациялау) тәртібі

14. Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашуы мүдделер қақтығысының болуы немесе туындау фактілерін егжей-тегжейлі негіздей отырып және құжаттамалық растай отырып, дереу жазбаша түрде жүзеге асырылады.

15. Қорда мүдделер қақтығысын ашудың (декларациялаудың) мынадай тәртібі белгіленеді:

1) жұмысқа қабылдау кезінде мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді бастапқы ашу;

2) жоғары тұрған лауазымға немесе басқа құрылымдық бөлімшеге ауыстыру кезінде, сондай-ақ функционал өзгерген кезде мүдделер қақтығысы туралы мәліметтерді ашу;

3) іске асыру немесе орындау кезінде мүдделер қақтығысы үшін жағдай жасау ықтималдығы барынша жоғары Қордың бизнес-процестері мен іскерлік операцияларындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелінің жоғары деңгейімен байланысты мүдделер қақтығысын жыл сайын ашу;

4) осы Саясаттың 11-тармағында көзделген, жеке мүдделерінің болуы мүдделер қақтығысының туындауына әкеп соғуы не әкеп соқтыруы мүмкін жағдайлардың туындауына қарай мәліметтерді біржолғы ашу. Біржолғы ашу осы Саясаттың қосымшасына сәйкес хабарламаны толтыру жолымен жүзеге асырылады.

16. Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын жыл сайын ашуы Қордың комплаенс-бақылаушысы жыл сайын жүргізетін Қордың бизнес-процестеріндегі және іскерлік операцияларындағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау нәтижелері бойынша жүзеге асырылады.

17. Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің тікелей немесе ықтимал мүдделер қақтығысының болуы туралы мәліметтерді жасыру және/немесе уақтылы, толық ашпауы Қорда сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің туындау себептері мен шарттары болып табылады.

7. Мүдделер қақтығысының алдын алу

18. Мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында Қордың жауапты құрылымдық бөлімшелері:

1) жұмысқа қабылдау, лауазымын жоғарылату немесе лауазымдық міндеттерін өзгерту кезінде – тікелей басшымен не байланысты функцияларды орындайтын адаммен тікелей туысқан қызметкерлерді лауазымға тағайындаудан аулақ болуға;

2) сатып алу рәсімдерін жүргізу және олармен шарттық қатынастарды рәсімдеу кезеңдерінде Қордың контрагенттерін тексеру кезінде олардың құрылтайшылары мен басшыларының құрамын үлестестік белгілерінің болуы тұрғысынан зерттеуді жүзеге асыруға;

3) Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің құқыққа қайшы, жосықсыз немесе қабілетсіз қызметін анықтауға және жолын кесуге бағытталған, оның ішінде өзінің қызметтік жағдайын заңсыз пайдалану нәтижесінде материалдық пайда түрінде қосымша табыс алатын алдын алу-профилактикалық іс-шаралар мен қызметтік тексерулер жүргізуге;

4) жұмысқа қабылдау кезінде Қордың әрбір лауазымды адамы мен қызметкерін осы Саясатпен таныстыруды қамтамасыз етуге;

5) осы Саясаттың ережелерін Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің назарына жеткізуге бағытталған тұрақты түсіндіру жұмыстарын жүргізуге;

6) құпия ақпараттың, сондай-ақ Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің дербес деректерінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

8. Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысының туындауын болдырмау жөніндегі міндеттері

19. Қордың Директорлар кеңесі мен Қордың Басқарма төрағасы Қордың лауазымды адамдары деңгейінде ықтимал мүдделер қақтығысын, оның ішінде Қордың меншігін заңсыз пайдалануды және жасалуында мүдделілігі бар мәмілелер жасасу кезінде теріс пайдалануды қадағалайды және жояды.

20. Егер Қордың Директорлар кеңесінің барлық мүшелері мүдделі тұлғалар болып табылса және (немесе) Қордың Директорлар кеңесінің шешім қабылдау үшін қажетті дауыстар санының болмауына байланысты осындай мәмілені жасасу туралы шешім қабылдауы мүмкін болмаған жағдайда, жасалуында мүдделілігі бар мәмілені жасасу туралы шешім қабылдау мәселесі Жалғыз акционердің құзыретіне жатады.

21. Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлеріне Қор мен олардың өздері, сондай-ақ олардың кез келген жақын туыстары мен жұбайлары (зайыптары) арасындағы кез келген мәміле бойынша шешімдерді қарауға және қабылдауға қатысуға тыйым салынады.

22. Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлері:

- 1) мүдделер қақтығысы жағдайларының туындауына жол бермеуге;
- 2) мүдделер қақтығысы бар мәселелерді қарауға қатысудан және олар бойынша шешім қабылдаудан бас тартуға;
- 3) мүдделер қақтығысы туралы ақпаратты осы Саясаттың талаптарына сәйкес өзінің тікелей басшысына жеткізуге;
- 4) мүдделер қақтығысын реттеу және оларды сақтау міндеттері бойынша Қордың рәсімдерімен танысқандығын жазбаша растауға;
- 5) осы Саясаттың талаптарын бұзу туралы ақпаратты хабарлауға;
- 6) инсайдерлік және құпия ақпаратты қорғау тәртібін сақтауға міндетті.

23. Лауазымды адамдар Қормен қарым-қатынаста үшінші тұлғалардың атынан және олардың мүддесі үшін әрекет ете алмайды.

9. Мүдделер қақтығысын қарау және реттеу тәртібі

24. Мүдделер қақтығысын анықтау, алдын алу және реттеу жөніндегі жұмыстың тиімділігін арттыру үшін Қор оларды уақтылы және толық анықтау, сондай-ақ оларды реттеу жөніндегі құрылымдық бөлімшелердің іс-қимылдарын нақты үйлестіру тетіктерін құруға ұмтылады. Лауазымды адамдар Қорда туындайтын мүдделер қақтығысын реттеу үшін:

- 1) пайда болған мүдделер қақтығысын анықтауға, олардың себептерін айқындауға;
- 2) Қордың құрылымдық бөлімшелерінің құзыреті мен жауапкершілігін нақты ажыратуға;
- 3) Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлері мүдделер қақтығысы бар мәселелерді қарауға қатысудан және олар бойынша шешімдер қабылдаудан бас тартатын шараларды қабылдауға міндетті.

25. Қордың лауазымды адамы мұндай қақтығысты реттеу жөнінде шешім қабылдау үшін мүдделер қақтығысының болуы немесе туындауы туралы Директорлар кеңесінің төрағасына немесе Қор Басқармасының төрағасына дереу жазбаша түрде хабарлауға міндетті.

26. Қор қызметкері мұндай қақтығысты реттеу мақсатында мүдделер қақтығысының болуы немесе туындауы туралы тікелей басшыны дереу хабардар етуге міндетті.

27. Құрылымдық бөлімше деңгейінде мүдделер қақтығысын реттеу мүмкін болмаған жағдайда, құрылымдық бөлімшенің басшысы бір жұмыс күні ішінде осы құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін Қор Басқармасының мүшесіне мүдделер қақтығысы, оның туындау себептері және қабылданған шаралар туралы ақпарат беруге міндетті. Осы құрылымдық бөлімшеге жетекшілік ететін Қордың Басқарма мүшесі мүдделер қақтығысын реттеу үшін барлық шараларды қабылдайды, ал мүдделер қақтығысын реттеу мүмкін болмаған кезде мұндай қақтығысты реттеу туралы мәселені ол Қордың Басқарма төрағасының немесе Қордың Директорлар кеңесінің қарауына шығарады.

28. Қордың Басқарма төрағасы мүдделер қақтығысын реттеу тәртібін айқындайды, уәкілетті адамды тағайындайды. Қажет болған жағдайда Қордың Басқарма төрағасы құрамына комплаенс-бақылаушы, сондай-ақ Қауіпсіздік және қызметті үйлестіру департаментінің, Құқықтық қамтамасыз ету және талап-арыз жұмысы департаментінің қызметкерлері кіретін мүдделер қақтығысын реттеу үшін жұмыс тобын құрады. Жұмыс тобының құрамы жұмыс тобының қабылдаған шешімдеріне әсер етуі мүмкін мүдделер қақтығысының туындау мүмкіндігін болдырмайтындай етіп қалыптастырылады.

10. Мүдделер қақтығысын шешудің ықтимал шаралары

29. Мүдделер қақтығысын реттеу шараларын анықтай отырып, Қор олардың Қордың мүдделеріне әсер етуі мүмкін жағымсыз салдарлар дәрежесіне сәйкес келуін қамтамасыз етеді.

30. Мүдделер қақтығысын реттеу үшін қабылданатын ықтимал шаралар мен тәсілдер:

1) мүдделер қақтығысын болдырмайтын функцияларды орындауды көздейтін Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қордың лауазымды адамын немесе қызметкерін оның келісімімен басқа лауазымға ауыстыру;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лауазымды адамның өкілеттігін тоқтату немесе Қор қызметкерінің еңбек шартын тоқтату;

3) Қордың лауазымды адамын немесе қызметкерін мүдделер қақтығысы бар немесе болуы мүмкін мәселелерді талқылауға қатысудан және олар бойынша шешімдер қабылдаудан ерікті түрде бас тарту, шеттету (тұрақты немесе уақытша);

4) Қордың лауазымды адамының немесе қызметкерінің лауазымдық міндеттерін өзгерту;

5) Қорының лауазымды адамының немесе қызметкерінің мүдделер қақтығысын тудыратын жеке мүдделерін жоюы (мысалы, мүдделер қақтығысының туындауына негіз болып табылатын өзіне тиесілі мүлікті иеліктен шығару).

31. Саясаттың 30-тармағында келтірілген шаралар тізбесі толық болып табылмайды. Әрбір нақты жағдайда қалыптасқан жағдайдың ерекшелігіне, қабылданатын шаралардың мүдделер қақтығысын реттеу мақсаттарына сәйкестік дәрежесіне байланысты өзге де шаралар қолданылуы мүмкін.

11. Жауапкершілік

32. Қордың лауазымды адамдары мен қызметкерлері осы Саясаттың талаптарын орындамағаны үшін жауапты болады.

33. Егер мүдделер қақтығысының алдын алу немесе реттеу жөніндегі жұмыста Қорға залал келтіруге әкеп соққан Қазақстан Республикасы заңнамасының, сондай-ақ осы Саясаттың талаптарын бұзуға жол берілсе, мұндай бұзушылыққа кінәлі тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілікке тартылады.

12. Қорытынды ережелер

34. Осы Саясатқа өзгерістер мен толықтырулар Қордың Директорлар кеңесінің шешімі бойынша енгізіледі.

35. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасын өзгерту нәтижесінде осы Саясаттың жекелеген нормалары олармен қайшылыққа түссе, онда осы Саясатқа тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін Қазақстан Республикасы заңнамасының тиісті нормаларын басшылыққа алу қажет.

«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу және анықтау саясаты	2025
	Басылым: 1

«Қазақстанның инвестициялық қоры» акционерлік қоғамының лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі саясатқа №1 қосымша

Кімге

(лауазымы, Т.А.Ә.)

Кімнен

(Т.А.Ә., лауазымы, байланыс телефоны)

Мүдделер қақтығысының болуы немесе туындауы туралы хабарлама

Осы арқылы «Қазақстанның инвестициялық қоры» акционерлік қоғамының лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын анықтау және реттеу жөніндегі саясаттың талаптарына сәйкес, лауазымдық міндеттерді атқару кезінде менде мүдделер қақтығысына әкеп соқтыратын немесе әкеп соғуы мүмкін жеке мүдделіліктің туындағаны туралы хабарлаймын.

1. Қайшылықты жағдайдың (жеке мүдделіліктің) туындауына негіз болып табылатын мән-жайлар:

(егжей-тегжейлі негіздемемен мүдделер қақтығысы туындаған немесе туындауы мүмкін жағдай сипатталады)

2. Жеке мүдделер әсер ететін немесе әсер етуі мүмкін лауазымдық міндеттер:

(нақты лауазымдық міндеттер санамалап көрсетіледі)

3. Мүдделер қақтығысын болдырмау немесе реттеу бойынша қабылданған (ұсынылатын) шаралар:

(лауазымды адам/қызметкер мүдделер қақтығысын болдырмау немесе реттеу үшін қандай шаралар қабылдағанын немесе қабылдауды ұсынатынын көрсету)

4. Мүдделер қақтығысының болуы не туындау фактілерін растайтын, сондай-ақ мүдделер қақтығысын болғызбау және реттеу үшін қабылданған шаралар (қабылдау ұсынылатын) туралы құжаттардың тізбесі:

- | | |
|----|---|
| 1) | — |
| 2) | — |
| 3) | — |
| 4) | |

Хабарлама жіберетін тұлға:

«__ __» __ 20 ж.

(Қолы, қолтаңбаның толық жазылуы)

Хабарламаны қабылдаған тұлға:

«Қазақстанның инвестициялық қоры» АҚ лауазымды адамдары мен қызметкерлерінің мүдделер қақтығысын реттеу және анықтау саясаты	2025
	Басылым: 1

**«Қазақстанның инвестициялық қоры»
акционерлік қоғамының лауазымды
адамдары мен қызметкерлерінің
мүдделер қақтығысын анықтау және
реттеу жөніндегі саясатқа №2 қосымша**

Келісу парағы

Р/ с	Т.А.Ә.	Лауазымы	Күні	Қолы	Ескертпе
1					
2					
3					